

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Мәдениеттер тоғысы
және тоғысу мәдениеті





Дәрістің мақсаты: оқырман қазіргі ақпараттық-реттеуші мақсаттағы мәтіндердің, жарнамалардың жаңадан тоғысқан ағылшын, орыс тілінің үлгісімен жүре бастаған мәдениеттің нәтижесі екеніне көз жеткізеді.

Дәрістің басты терминдері: ақпараттық-реттеуші белгілер, айлалы сөздер, стильдеу.

- Ақпараттық-реттеуші белгілер – бағыт, кеңістік, уақыт жөнінен әлеуметке ақпарат беріп тұратын көпшілік жүретін жерлерге жазылған мәтіндер, сөздер, сөйлемдер;
- Айлалы сөздер – бұйырып, өтініп емес, алдап, жасырып, білдірмей жұмсайтын реттеуіштік ақпараттық сөздер;
- Стильдеу – белгілі бір әлеуметтік таптың стиль тезіне түсіріп сөйлеу, соған сай жазу;

1. Ақпараттық-реттеуші мақсаттағы мәтіндер арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру

Неміс әдебиетінің классигі Э.Т.А. Гофман: «Мәдениет өскен сайын, бостандық та азая бермек» («Je mehr Kultur, desto weniger Freiheit») деген. Демек, адамды үнемі сөз қоршап жүреді, сөз көбейген сайын, еркіндік азаяды, бірақ мәдениет артады. Бізді қоршаған сөздер мен мәтіндер, сансыз хабарландырулар, нұсқаулықтар, үндеулер, инструкциялар мен постерлер, плакаттар біздің мінез-құлқымызды реттеп қана қоймайды, әрбір қадамымызды айқындайды, тек қана ақпараттандырмайды, сонымен бірге тыйым салады, рұқсат береді, оятады, сақтандырады, өтінеді, қорқытады, үміттендіреді, сондай-ақ, біздің өмір сүру салтымызды, менталитетімізді, ұлттық мінезімізді айқындайды. Демек әлеуметтік әлемді, бізді бұл әлемнің өкілі ретінде нақты тұлға етіп қалыптастырады.

Шын мәнісінде, біздің қоғамдық тәртібіміз бен әлеуметтік «имиджіміз» (қазір орыс тілінде осылай сөйлеу әдетке айналған) біз түйсініп болмайтын дәрежеде сөз ережелерімен айқындалады. Ол ережелер бізге сол сәтте сол жерде нені жасау, нені жасамау керек екеніне жол сілтейді.

Ағылшын тілді елдерде адамдарға олардың қоғамда өзін-өзі ұстау құқығы мен міндеттерін жан-жақты және аса қамқорлықпен түсіндіреді. Жоғарыда тізіп өткен формалар: ақпарат, нұсқаулық, ескерту, тыйым – адамға деген қамқорлықты, коммерциялық мүддені, өзіне деген әрі өз мекемесіне деген қамқорлықты танытады.

2. Сыпайы қарым-қатынас үлгілері

«Ағылшын мәдениетінде сыпайы қарым-қатынас жасаудың кең тараған нұсқасы – әсіре сыпайылық көрсету. Негізі әсіре сыпайылық көрсету деген бола ма, білмедім. Бәлкім, олай өбектеткенге үйренбеген бізге солай көрінетін шығар», – дейді автор. Сыпайы қарым-қатынас жасау тәсілдерін бір мәтінде шоғырландыру өтінішті тиімді орындатуға септігін тигізеді деген пікірлер бар. Келтірілген мысалдарда please бен thank you [рақмет] сөздері немесе please и would you not... формалары қатар қолданылған. Кімнің қайда нұсқау беріп тұрғанына да назар аударған жөн. Орыстардың жазба тыйымдарға деген «бунтарлық» қарым-қатынасына, немістердің ресми нұсқаулықтарға деген үнсіз бас июін қарама-қарсы қоюға болады. Бұл тіпті мәдениеттердің әртектілігі емес, қайшылығы (контраст). «Германия тыйым салынған жазбаларынан, рұқсат беретін тақтайшалары көп бірден-бір ел болуы керек: мұнда темекі тартуға, көгалды басуға, т.б. жасауға болады. Басқа елдерде тыйым салатын жазулар мұнда керісінше рұқсат етеді. Бұл елде рұқсат етілмегеннің бәрі тыйым деген ой туындайды. Революцияға дейінгі Ресейде ұзақ уақыт бойы ереуілдеген неміс пролетарлары туралы әзіл әңгіме тараған еді. Унтер-ден-Линден көшесінде ұйымдасқан саппен келе жатқан олар «Өтуге болмайды» деген жазуға дейін келіп, аңтарылып қалыпты. Осымен революция аяқталып, «барлығы ың-шыңсыз үйлеріне тарасқан екен» дейді.



Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. «Бізді қоршаған сөздер мен мәтіндер, сансыз хабарландырулар, нұсқаулықтар, үндеулер, инструкциялар мен постерлер, плакаттар біздің мінез-құлқымызды, әрбір қадамымызды айқындайды, біздің өмір сүру салтымызды, менталитетімізді, ұлттық мінезімізді айқындайды» деген сөзді таратып, өз өмір-салтыңыздан мысал келтіре отырып, біреуге түсіндіріп көріңіз.
2. Германия – тыйым салынған жазбаларынан, рұқсат беретін тақтайшалары көп ел болуы неліктен екеніне назар аударыңыз, бұл туралы мәлімет жинап, досыңызға түсіндіріп беріңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Э.Т.А. Гофман: «Мәдениет өскен сайын, бостандық та азая бермек» («Je mehr Kultur, desto weniger Freiheit») деген сөзін қалай түсінесіз?
2. Ағылшын тілінде адресатқа барынша сыпайы қарым-қатынас жасау, жеке сыпайы өтініш білдіру түрлері не себептен кең тараған деп ойлайсыз?
3. Түсіндірмей талап ету мен түсіндіріп талап етудің қайсысының соңы нәтижелі аяқталады деп ойлайсыз? Не себептен?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. https://books.google.kz/books?id=gbbNAAAQBAJ&pg=PT52&lpg=PT52&dq=Информати+vno+Регулирующие+указатели&source=bl&ots=t69rNWiHfD&sig=e-_2.0AedbCALF43XUFZdsh_DqddI&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwiMj_m2293bAhUwyaYKHbl7B1oQ6AEwAnoECAMQAQ#v=onepage&q&f=false.
2. philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/.../135.
3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г., Язык и культура. – Москва: МГУ.
4. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. – А: Дайк-Пресс, 2009.– 784 б.
5. Ахметжанова З., Лингвокультурология: теория и практика. – А: Елтаным, 2017. – 144 б.
6. Ахметжанова З., Мусатаева М., Актуальные проблемы лингвокогнитологии и лингвокультурологии. – А., 2013. – 232 с.
7. Семенов А.Л., Теория перевода. – Москва: Академия, 2013. – 224 с.
8. Ю. М. Лотман, Культура и взрыв. – М., 1992, с. 181.
9. Jr Minkel, A Way with Words. Scientific American.
10. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000.
11. Воробьев В.В., Лингвокультурология. Теория и методы. – М., 1997.
12. Алдабергенова Г.Д., Исследование влияния билингвизма на развитие личности детей. Дисс. кандидата филологических наук. – Алматы, 1999.